

100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Ұлықбек Есдәulet: Әдебиет әдептен басталады



– Ұлықбек Оразбайұлы, Қазақстан Жазушылар одағының құрылғанына, міне, 85 жыл толып отыр. Зиялыштың қауым көп шоғырланған орда осы шығармашылық өдақтар ғой, соның ішінде Жазушылар одағын сәулелі ойдың, ізгіліктің, жақсылықтың жаршысы секілді қабылдау дағдысына әл-әзірге нұқсан келе қойған жоқ. Бұрын «социалистік реализмге» бағындырылса да, әдебиет мейіріммен, адалдықпен, биік сезімдермен қоректенетін, бүгінгі әдебиет неден нәр алып, қалай тыныстап келеді?

– Өте дұрыс айтасың. Әдебиет әдептен басталады. Көркем әдебиет деген ұлағатты ұя – мектеп, құттыхана мешіт секілді киелі ұғым, оған арамниетпен, арамза көңілмен аяқ басуға болмайды, барсаң ақ жүрекпен, адал мақсатпен кіруге тырыс, ал үнемі бас сұғар болсаң, бойдағы күмән мен күнәңнан арылып, түбінде тазарып, іштей байып шығасың. Ал Жазушылар одағына, осы көркем әдебиетіміздің арқасынан асқар тауы іспетті шығармашылық ұйымға 85 жыл толғаны туралы ой тарихтың терең қатпарларына жетелейді.

XVIII ғасырда өмір сүрген Уго Фосколо деген итальяндық ақын: «Әдебиет – ең еркін де тәуелсіз өнер, егер ол сатқын болса, соқыр тиындық құны жоқ» деген екен. Өзің айтып отырған социалистік реализм – қылышы жалаңдаған цензураның кіндігі бір егізі болғандықтан шығармашылық еркіндікті шектеп, бодан жүйенің бодаудына байлап бергені, тәуелсіздігін тұқыртып баққаны ақиқат. Идеологиялық доктринаның қолжаулығына айналып, сойылын соғуға мәжбүр болған сондай сұрқылтай заманның өзінде біздің шынайы шығармашыларымыз көркем шындыққа жүгіне біліп, әдебиеттің асыл мұратынан айнымауға тырысты. Өзің тамырын тап басып, тарата айтып отырғандай, ізгіліктің ізін салып, мейірім мен қайырымның қазынасы бола алды. «Қасқа айғырдың тұқымы қасқа тұмаса да, тәбел туады» дегендей, бүгінгі әдебиет – кешегі әдебиеттің бел баласы. Дегенмен, оның ішінде «іштеп шыққан шұбар жылан» да, «ала да, құла да» бар. Себеп қоғамдық формациямен бірге шығармашылық ізденістердің де арнасы, бағыт-бағдары өзгерді. Екіншіден, ауыздық-ноқта, кісен-шідерден ада-куде арылған жаңа, азат дәүірдің әперген жаңа мүмкіндіктері туып, қаламгерлерге интернет пен әлеуметтік жүйелер арқылы әлем кітапханаларына емін-еркін кіріп, әлем әдебиетімен қалағаныңша сусындауға кең жол ашылды.

Буржуазиялық қоғамға көз жұма қойып кеткенімізben, әдебиеттің ежелден ізгілікке, адамсүйгіштікке баулитын функциясы бәрібір бұлжы қойған жоқ.

– «Әдеби өмір шежіресі» атты анықтамалықты парақтай отырып, Қазақстан жазушыларының I съезінде сөйлеген С.Сейфулиннің сөзінен бастап, Одақтың, жалпы әдебиеттің өсіп-өркендеу процесіне ұйытқы болған I.Жансүгіровтің, одан кейінгі жылдардағы С.Мұқанов, Е.Мұстафин, Е.Мұсірепов, Ә.Әлімжанов, Ж.Молдағалиев, О.Сұлейменов, Қ.Найманбаев, Н.Оразалин жасаған баяндамалармен танысып, әр кезеңдегі әдебиеттің тағдыры да, көтерген жүгі де әртүрлі болғанын бағамдадық. Тәуелсіздіктің отыз жылдығын түйіндейтін тұстағы әдебиетке қойылатын басты сұрақ: қоғам күткен жаңа дәуір кейіпкерінің бейнесі елес қүйінде келе ме, әлде жасалды ма?

– Тыңдан тартылған тәуелсіздік тақырыбы алғашқы он жылдықта жедел толғайтын ақындар болмаса, прозашылар үшін оңай шағыла қоймайтын бітеу тас жаңғаққа айналғаны рас. Өйткені жетпіс жыл бойы сомдалып келген мінсіз мінезді жағымды кейіпкер, ұнамды образ жасау тәсілі жаңа заманға лайықсыз көрінді. Нарық заманы адамды да, қоғамды да ықты-жарға көнбейтін ымырасыз, ырықсыз ыңғайына бүктеп бақты. Дегенмен қазақ прозасы аузын қу шөппен сұртіп отырып қалмады, кібіртіктеп бастаса да, жаңа кезеңнің кешеніне керек кірпішін құйып, қабырғасын қалауға кірісті, өткеннен қалған кетікті бітеуді қолға алды. Прозада алғаш алға ұмтылған жастар мен жасамыстар болды: Ғабиден Құлахметов, Таласбек Әсемқұлов, Жүсіпбек Қорғасбек, Талаптан Ахметжан, Нұрғали Ораз, Дидар Амантай, Айғұл Кемелбаева, Нұржан Қуантайұлы, Талғат Кеңесбаев, Сәуле Досжанова, тағы басқа бүгінгі күннің тынысын сездіретін әңгіме, повесть, романдарын ұсынды. Кейінрек күндей күркіреп, ауыр артиллерия қосылды: Әбіш Кекілбайұлы, Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Әнес Сарай, Төлен Әбдік, Дулат Исабеков, Бексұлтан Нұржеке, Соғы Сматай, Қажығали Мұхаметқалиев, Кәдірбек Сегізбайұлы, Тынымбай Нұрмағанбетов, Мархабат Байғұт, Несіпбек Дәутайұлы, Дидахмет Әшімханұлы, Әлібек Асқаров, Серік Байхонов, Қуандық Түменбай, Рахымжан Отарбаев және тағы басқа өміршең әңгімелеріне тіркестіре кесек-кесек туындылар ұсынды.

Іздеген адам осы қаламгерлердің және аты аталмаған жас жазушылардың жаңа шығармаларынан жаңа дәуір кейіпкерлерін жазбай табары сөзсіз.

– Әдеби жанрлар жұмысы қалай үйлестіріліп отыр? Бұрын дағдарыс жалпы әдебиеттің басында тұрғандай көрінетін, ал қазір жекелеген жанрлардың ғана тығырыққа тіреліп отырғаны байқалады. Жанрлардың бағыты, даму деңгейі қалай? Әдебиетшілердің шығармашылығы шындаған ой елегінен откізіліп, шынайы бағасын дер кезінде алыш жатыр ма?

– Проза мен поэзия, драматургия салаларында ауыз толтырып айтуға тұратын туындылар дүниеге келді. Дулат Исабеков ағамыз драматургия туын Еуропа театрларында желбіретіп жүр. Сұлтанәлі Балғабай, Иранғайып, Ермек

Аманшаев, Серік Асылбек, Роза Мұқанова, Думан Рамазан, Мәдина Омарова, тағы басқа драматургтердің пьесалары өз көрерменін тапқанына куәміз. Поэзиядан Темірхан Медетбек, Исраил Сапарбай, Жәркен Бөдешұлы, Несілбек Айтұлы, Есенғали Раушанов, Серік Ақсұнқарұлы, Гүлнар Салықбаева, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Мейірхан Ақдәүлетұлы, Байбота Қошым-Ногай, Ертай Ашықбай, Фалым Жайлышбай, Бауыржан Жақып, Мұрат Шаймаран, Маралтай, Талғат Ешенұлы, Бақытжан Алдияр, Бақыт Беделхан, Жарас Сәрсек, Ақберен Елгезек, Ерлан Жұніс, тағы басқа ақындардың заманаудың жырлары мен поэмаларында жаңа дәуір тыныстап тұр.

Сондай-ақ ол жанрлармен қатарласа сатира мен балалар, жастар әдебиеті де ойдағыдай дамып келеді. Бірақ бүкіл жанрдағылардың бәрі бірдей шынайы бағасын уақтылы алғып жатыр деп айта алмаймын. Себебі біз көркем сынды өрістете алмай отырымыз. Әлия Бөпежанова, Бақыт Сарбалаев, Тұрсынжан Шапай, Әмірхан Мендеңеке сияқты сарабдал сыншылар қағынан безген киіктей өзге өріске ауып, ет жақын жанрларына жоламай жүр. Әдеби сынға бұл күнде Әмина Құрманғалиева, Амангелді Кеңшілікұлы, Бағашар Тұрсынбайұлы сияқты тағы басқа бірен-саран ғана саусақпен санарлықтай дарынды, талғампаз қаламгерлер болмаса, көбі беттейтін емес. Ал шығармаларға деген қоғамдық пікірді оятатын да, пайымдалап, тұжырымдайтын да, түйінді сөзін айтатын да сыншылар қауымы екені аян.

– Жазушылар одағының аймақтағы бөлімше басшылары қайта тағайындалды. Қөшілілігі жастар. Жастарға басымдық берудің сырына тоқталсаңыз...

– Аймақтағы бөлімше басшыларының ішінен Қарағандыдағы филиал директоры, ақын Серік Ақсұнқарұлы елден бұрын өтініш беріп, өз еркімен жұмыстан босатуды сұрап, орнына талантты прозашы әрі ақын, «Қасым» журналының бас редакторы Серік Сағынтайды ұсынды. Көп ұзамай Жамбыл облыстық бөлімше бастығы көрнекті прозашы Несілбек Дәүтайұлы да өз орнына талантты ақын Хамит Есаманды қоюды өтінді. «Ақ Жайықтың ақ шағаласы» атанған ақын апамызы Ақұштап Бақтыгереева да, Керекудегі күрескер ақын, филиал басшысы Арман Қани да кейінгі кездері сондай өтініш білдіруде. Мәселе – мазасыз міндеттен мойын босатып, бірыңғай шығармашылықпен алаңсыз айналыссам деген байламда.

– Онда уақыттың жаңа талабы жұмыстың да жаңаша тәсілі мен формасын қажет ететіні белгілі. Басқарманың төрағалығына келgelі басқарудың қандай қындығымен бетпе-бет келдініз? Қандай ой түйіп жатырсыз? Қазақстан Жазушылар одағы қалай өмір сүріп жатыр?

– Құдайға шукір, әдебиетті құрметтейтін, қаламгерлерге жанашыр аблаз азamat табылып, Жазушылар одағын тығырықтан алғып шығуға қолұшын берді. Өзіміз де «Күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым, қызыл қанымды ағыздым» деп Құлтегін жырлағандай, күні-түні тынымсыз жұмыс істеп, қаражат табуға негізделген көптеген жаңа жоба жасап, іске қостық. Сөйтіп шаш ағартып, жүйке жұқартып, жүректі қысқан небір қындықтың бәрі бастығырылып көрген түстей болып қалды.

Бізді құтқарған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болды. Жаңа жобалардың арқасында қоржынымызға там-түмдап болса да қаржы түсे бастады. Қызметкерлерімізге ақырындағап айлық төлеп, үйымымыздың мойнына жылдап жиналған салықтар мен несиelerден біртіндеп құтылып, жұмыс ырғағын қалыпты жағдайға түсірдік. Мелжемді жобаларды қолға алғып, Астананың 20 жылдығына арналған халықаралық поэзия фестивалі, дүбірлі еуразиялық жазушылар форумы, биыл көктемде Нұр-Сұлтан қаласында өткен Жібек жолы бойындағы астаналар қаламгерлерінің форумын үйымдастырып, өзімізді істе сынап көрдік. Келе-келе аса ірі мегажобаға тәуекел еттік. Ол – биыл қыркүйектің басында елордада өткен бүкіл Азия жазушыларының I форумы. Азияның 44 мемлекетінің 38-інен 80-ге тарта қаламгер қатысқан бұл басқосу мәдениет пен әдебиет тарихына кірді. Бұған дейін мұндай форум елімізде бір-ақ рет, 46 жыл бұрын Алматыда Азия-Африка жазушыларының V конференциясы ретінде өткізілген болатын. Осы кездесулер кезінде көптеген елдің Жазушылар үйымдарымен меморандумдарға қол қойып, өзара байланыстар орнаттық.

– Талантты адамдар тіршілікке икемсіз келеді деп қорғаштап келдік, ендігі нарықтың қатал заңы мен ережесін қаламгерлердің жас-жасамысы бар, толықтай түсініп, мойынсұнып қалған болар?

– Түсінуін түсінді ғой. Бірақ одан не пайда? Қоғамдық формация ауысса да, қаламгерлердің басым көпшілігінің мінез-құлқы жаңа заманға бейімделе алмай отыр. Жаратқан ақын-жазушыға қаламгерлік дарын бергенімен, коммерциялық қабілет бермеген. Кешеден бүтінге аттаған аға бұын жазушылардың бірен-сараны болмаса, негізінен, шыгарма жазудан басқаны білмейтін олақ, орашолақ, бейғам, көбісі сөзге пысық болғанымен, өзің байқағандай, тіршілік пен тұрмысқа икемсіз, алым-берім саудадан мақұм, нарықтың қатыгез езгісінен қорғануға қабілетсіз келеді. Мойынсұнғаны соншалық, «Күдай салды – біз көндік» деген қорғансыз күйде. Бір замандағы қүреп алардай қаламақы тағы жоқ. Сондықтан да біз оларға қаржылай, материалдық және моральдық көмек болсын деп облыс әкімдеріне хат жазып, жергілікті қаламгерлерге грант, стипендия тағайындауын, марапаттар әперіп, кітаптарын шығарып беруін сұрап отырмыз.

Бірнеше облыстың әдебиетті құрметтей билетін мәртебелі әкімдері ұсыныстарымызға құлақ асып, жоба-жоспарларымызды қолдап, қуаттап отыр. Әсіреле біздің бастамаларымызға үнемі оң көзben қарайтын Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев пен Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың, Ақтөбе облысының әкімі Ондасын Оразалиннің қаламгерлерге деген аса зор жанашырлығын атап айтуды парызым деп санаймын. Олар әдебиет әлеміне үлкен қамқорлық жасап келеді. Сондықтан оларға және елордамыздағы Абай даңғылының көрнекті жерінен «Қаламгерлер аллеясын» ашып, қос жағалаудың тоғысқан тұсынан Жазушылар одағының филиалына еңсөлі ғимарат сыйлап, ішін жиһазға толтырып, коммуналдық шығындарына дейін шешіп берген Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновке алғысымыз зор. Сондай-ақ жас қаламгерлерге көніл бөлген Алматы, Қарағанды, Ақмола, Жамбыл облыстарының басшылары

Амандық Баталовқа, Жеңіс Қасымбекке, Ермек Маржықпаевқа, тағы басқа және «Абай әлемі» кітапханасын шығарып отырған Шығыс өнірінің әкімі Даниал Ахметовке, сонымен қатар көрікті көшелеріне ұлы Абайдан бастап Ақберенге дейінгі ақындардың жыр шумақтары мен көрнекті суреттерін жарқыратада іліп, Шымкентке поэзиялық шырай қосқан жас әкім Ерлан Айтахановқа ризашылық білдіреміз.

– Осы уақытқа дейін халық қолына қалам ұстаған мықтылардың иір-қызыр мінезіне кешіріммен қарап, мүмкіндігінше қадірлең, алақанына салып аялап бақты. Олардың ұғымында ақын ақын емес, періште еді. Жазушыны да пір тұтып, әр шығармасына табынды. Бірақ сойтсе де сын сағаттарында, тағдыры таразыға тартылып жататын тұста үнсіз қалса, қара орман қазақтың оларды кешіре алмайтын қаталдығы да бар. Халық қазір қаламгерді дәл осылай қадірлей ме, билік оның сөзімен кешегідей санаса ма?

– Ондай көзқарас әлі де бар. Жазушыларымыздың алғы шебінде аузы дуалы ақсақалдарымыз бер қай ортада болсын бәтуәлі пікір, орнықты ой айта билетін білікті, беделді қайраткерлеріміз жоқ емес. Елдік мәселелерде, тіл мәртебесі, жер тағдыры тартысқа түскен алмағайып тұстарда қаламгер қауым «бетің бар, жүзің бар» демей билікке өз кесімін айта білді. Әсіресе аға буынның әрқашан да шындық биғінен табылып, күрескерлік, қайраткерлік тұғырдан көрінгеніне тарих қуә. Олармен халық та, билік те санасады. Бірақ бұрын ұлт мұддесін қорғап жүрген бірен-саран аса беделді жасы үлкен аға қаламдастарымыз кейінгі уақыттардағы басқосуларда мінбеге шыға қалса, елдің, әдебиеттің жайынан бұрын өздерін өздері дәріптеуге ден қоя бастағаны байқалады. Халық қазанын қайнатуда шаршап-шалдығып жатса да, оларға Алаш жұрты риза. Демек, көптің ойын айтуда олардың сөзін жалғайтын, орнын басатын жаңа буын қалам қайраткерлері керек. Қай жазушыға болсын қалаулысындағы қарайтын халық бізден медеу болар мінез, демеу болар сөз күтеді.

– Соңғы уақытта Одақ төңірегінде де, ПЕН-клуб жағында да әдеби форумдар жиі өткізіліп жүр. Элемнің әр елінен келетін қаламгерлердің әрқайсысы да ағылшын тілінде ағып тұрады, орысшасы да су төгілмес жорғадай. Ал біздің қаламгерлеріміздің шет тілінен мақрум болуын немен түсіндірсек болады?..

– Рес, ұлттық әдебиетке деген оң көзқарас қалыптасып келеді. Президент пен оның Әкімшілігі, Мемлекеттік хатшы, әкімдер мен министрлер Жазушылар одағына мойын бұрып, құлақ түріп, қолдай бастағанына шүкіршілік айтамыз. Олардың алқауымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Әдеби өлкетану» жобасын іске асырдық. Соның арқасында ауылдан, өлкे тарихынан қол үзіп қалған қаншама қаламгер ел мен жерді аралап, жаңа шығармалар жазып, қаламақысын алды. Жазғандары енді кітап болып жарық көрмекші.

Қазақ әдебиетінің екі томдық антологиясы БҰҰ-ның әлемге ең көп тараған алты тіліне аударылып, тұсаукессерлері бірінен соң бірі өтіп жатыр.

Тіл білу туралы бірер сөз. Көп тіл білген адам көшелі келеді. Оған Мұрат Әуезов, Есенғали Раушанов, Бақытжан Қанапиянов, Дәурен Берікқажыұлы, Танагөз Толқынқызын мысалға тартар едім. Олар қазақ әдебиетінің күллі дүниеге қанат жаюына зор еңбек сіңіріп жүр. Бұрын бізде орыс тілінен басқа шет тілін білуге деген ынта болмаған. Сұраныс болмаған соң ынта қайдан болсын?

Ал былтырдан бері ұйымдастырылған халықаралық форумдардан кейін қаламгерлер қауымында ондай сұраныс пайда болды. Шет тілдердің, соның ішінде ағылшын тілінің қажеттілігі анық сезілді. Мұны үш тұғырлы тілге қарсы болып жүрген кейбір қаламдастарымыздың өздері іштей мойындады. Біз Азия форумын өткізерде Жазушылар одағына шет тілдерін менгерген кілең жастарды жұмысқа тарттық, оған қоса «Томас эдюкейшн» компаниясынан екі мұғалім жалдап, қызметкерлерімізді жаз бойы ағылшын тілі курсынан өткіздік. «Жеті тілді білген ер жеті жүрттың қамын жер» деген бар. Біздің ақын-жазушыларымыз жеті жүрттың қамын жемей-ақ, өз шығармасының қамын жеуі үшін де тіл білуі қажет екенін бағамдап қалды. Өз қазанында өзі қайнай бермей, шетелдік қаламдастарымен араласып, шет тіліне аударылатын кезең келді. Бұл тіл білу мәселесінде қазірдің өзінде жастардың мойны озық түр.

– **Біз, әдетте, ақын мен жазушының өз болмысын жазған шығармасынан танып жатамыз. «Ақыннан келер қауіп жоқ, егер оның ашуына тимесен» деп келетін өлең жолдары болушы еді. Ақын ретінде сізді не ашындырады, не ашуландырады?**

– Көпе-көрінеу жасалған әділетсіздік ашындырады, жалғандық пен екіжүзділіктен жек көретінім жоқ.

– **Әңгіменізге рахмет.**

Әңгімелескен Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ